

жылғы 3 шілдедегі № 194 бұйрығы, 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығы өзгерістер мен толықтырулармен);

✓ «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат (Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы, 2023ж).

II БӨЛІМ. КАДРЛЫҚ ҚҰРАМҒА ТАЛДАУ

Сарсенбаева Гульдана Олжабаевна – мектеп директоры, педагог-сарапшы. Педагогикалық еңбек өтілі – 21 жыл, директорлық қызметте – 5 жыл. 2019 жылғы 28 тамыздан бастап Шет ауданының білім бөлімінің №70 жк бұйрығы негізінде «Шопа бастауыш мектебін коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры қызметіне тағайындалды.

2024 жылдың мамыр айының соңында мектепте 5 мұғалім жұмыс істейді. Педагог қызметкерлерді жұмысқа қабылдау ҚР Білім және ғылым министрінің 19.11.2021 № 568 және ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.11.2021 № 432 «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» бірлескен бұйрығы және жеке өтініші мен еңбек шартын жасасу негізінде жүзеге асырылады.

Мұғалімдерді жұмысқа қабылдау кезінде жаңа идеяларды іздеумен ерекшеленетін, оқытуға жеке көзқарасты қамтамасыз ететін, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін арнайы әдіс-тәсілдерді қолданатын, балалармен қарым-қатынасын сенім мен сыйластық негізінде құратын шығармашыл мұғалімдерге басымдық беріледі. Кадрларды іріктеуді және орналастыруды орта жалпы білім беру ұйымы қызметкерлерінің үлгілік штатына сәйкес мектеп директоры жүзеге асырады.

2.1. Білімі бойынша сандық және сапалық құрамы.

Таблица 1

| № | Оқу жылы | Педагогтер саны | | Білімі | |
|---|-----------|------------------------|---------------------------|----------------|----------------------|
| | | Барлық педагогтер саны | Қосалқы қызметкерлер саны | Жоғары білімді | Орта-арнаулы білімді |
| 1 | 2021-2022 | 5 | 0 | 2 | 3 |
| 2 | 2022-2023 | 5(бір мұғалім декрет) | 1 | 3 | 2 |
| 3 | 2023-2024 | 5 | 1 | 3 | 2 |

2023-2024 оқу жылының өзін-өзі бағалау кезеңінде мектепте 5 педагог есептелінді, 1 мұғалім қосалқы қызметкер. Жоғары білімді 3, орта арнаулы білімді 2 мұғалім: бастауыш сынып мұғалімдері Сарсенбаева Г.О., Мусатаева А., Рамазанова М. (қосалқы мұғалім ағылшын тілі мұғалімі.) Жоғары білімді мұғалімдердің үлесі 60 пайызды құрайды.

Барлық педагогтердің сотталмағандығы туралы анықтамалары жинақталды. Жасалған шарт негізінде мектептің педагогикалық ұжымы мүшелері жыл сайын Шет ауданының емханасында медициналық тексеруден өтеді, 2023-2024 оқу жылында барлығы жұмысқа жарамды, жұмыс істеуге рұқсаты бар.

Педагог қызметкерлердің еңбек өтілі бойынша ақпарат

Таблица 2

| Оқу жылы | Педагогикалық өтілі | | | | | | | | | | | | барлығы |
|-----------|---------------------|----|---------|----|----------|----|-----------|----|-----------|---|------------------|----|---------|
| | 1-3 жыл | % | 4-6 жыл | % | 7-10 жыл | % | 11-15 жыл | % | 16-20 жыл | % | 20 жылдан жоғары | % | |
| 2023-2024 | 1 | 25 | 1 | 25 | 0 | 25 | 1 | 25 | 0 | 0 | 1 | 25 | 100 |

2.2. Қосалқы қызметкерлер туралы ақпарат:

2022-2023 оқу жылында 1 қосалқы қызметкер жұмыс істеді. Жоғары білімді.